

Арқа ажары

12+

Сәкен Сейфуллин негізін қалауымен 1917 жылғы шілдеден шыға бастады. Газет 2011 жылы Президент Грантына ие болды.

19 мамыр, сейсенбі 2026 жыл №36 (19124)

<https://arka-azhary.kz> @arka_kokshetau@mail.ru www.facebook.com/Арқа-ажары www.instagram.com/arkaazhary

21 МАМЫР - МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжановтың құттықтауы

Құрметті мәдениет және өнер қызметкерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын!

Мәдениет – қоғамның рухани тірегі, ұлттық дәстүр мен салт-сананың алтын діңгегі. Облысымыздың мәдениет саласында алты жүзден астам мекеме жұмыс істейді. Рухани бірлікті нығайтуға, өскелең ұрпақты тәрбиелеуге және өңірдің шығармашылық әлеуетін дамытуға «үлгілі» және «халықтық» атағы бар 127 көркемөнерпаздар ұжымы елеулі үлес қосып келеді.

Биыл Шахмет Құсайынов атындағы қазақ музыкалық-драма театрының құрылғанына 30 жыл, Мағжан Жұмабаев атындағы облыстық кітапхана мен Үкілі Ыбырай атындағы облыстық филармонияға 80 жыл толады. Өңір мәдениетінің кара шаңырағына айналған бұл ұйымдар жұртшылықтың мәдени талғамын қалыптастырып, ұлттық өнер мен әдебиеттің өркендеуіне, облысымыздың

рухани кемелденуіне баға жетпес үлес қосып келеді.

Мәдени ұжымдарымыз бен өнерпаздарымыздың облыс намысын республикалық және халықаралық сахналарда лайықты қорғап, беделді байқаулар мен фестивалдардың лауреаты атанып жүргені біз үшін ерекше мақтаныш. Бұл жетістіктер – аймақ өнерпаздарының жоғары кәсібилігі мен бай мәдени әлеуетінің жарқын айғағы. Руханият ісіне деген адалдық пен жасампаз еңбектің арқасында ұлттымыздың мәдени мұрасы еселеніп, шығармашылық көкжиегі кеңейіп түсуде.

Барша өнер саңлақтарына, сала ардагерлеріне, шығармашылық ұжымдарға, кітапханашылар мен музей қызметкерлеріне, саз бен сахна майталмандарына терең алғысымды білдіремін!

Сіздерге зор денсаулық, бақ-береке, шалқар шабыт, шығармашылық табыс және ықыласты көрермен тілеймін!

Құрметті мәдениет және өнер саласының қызметкерлері!

Ақмола облысының депутаттық корпусы атынан Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Қазақстанның мәдениет және өнер қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Сала ардагерлері, театр және кино қайраткерлері, жазушылар, музыканттар, суретшілер, музей, кітапхана, мұрағат қызметкерлері, мәдениет үйлері мен клубтардың, көркемөнерпаздар ұжымдарының өкілдері, баршаңыз өңірдің рухани дамуына өлшеусіз үлес қосып келесіздер.

Ақмола өңірі халқымыздың бай тарихи-мәдени мұрасы мен ұлттық құндылықтарын сақтап, ұрпаққа насихаттап келе жатқан қасиетті мекен. Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай сынды өнер саңлақтарының ізі қалған бұл өңірде мәдениет пен өнерге деген құрмет әрдайым жоғары.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мәдениеттің ұлт руханиятындағы айрықша рөлін үнемі атап көрсетіп келеді.

Бейбіт ЖҮСПОВ,
Ақмола облыстық мәслихатының
торағасы.

Мәдениет – ұлттың болмысы, қайнар бұлағы және рухани діңгегі. Осы құндылықтарды көздің қарашығындай сақтап, халыққа жеткізуде мәдениет қызметкерлерінің еңбегі әрқашан құрметке лайық.

Ата-бабамыздан келе жатқан ұлттық болмысымыз



Өңірдегі мәдениет нысандарының инфрақұрылымын дамыту, ауылдық жерлердегі рухани ошақтарды қайта тулету бағытында атқарылып жатқан жұмыстар бар. Ақмола облысының мәдениет басқармасы өз қызметі шеңберінде мемлекеттік саясатты жүйелі іске асырып келеді. Бүгінгі таңда өңірдің мәдени әлеуетін сақтау

мен дамытудың басты бағдары «Ақмола облысының 2026-2030 жылдарға арналған даму жоспары» стратегиялық құжатына негізделіп отыр.

Қазіргі уақытта облыс көлемінде халыққа қызмет көрсететін жалпы 612 мәдениет нысаны бар. Оның 329-ы кітапхана, 261-і мәдени-демалыс ұйымы, атап айтқанда клубтар мен мәдениет үйлері, 14-і музей, 4-еуі кинотеатр, 2-еуі театр, 1-еуі филармония және 1-еуі тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану орталығы.

2025 жылы инфрақұрылымды жаңғырту бойынша жемісті жыл болды. Өткен жылы мәдениет нысандарының материалдық-техникалық базасын нығайту мен ғимараттарды жаңартуға жалпы сомасы 3,5 миллиард теңге қаражат бөлінді. Бұл қаражат саланың тамырына қан жүгіртіп, бірнеше ірі жоба сәтті жүзеге асырылды. Оның 2,2 миллиард теңгесі 11 нысанның құрылысына, 1,1 миллиард теңгесі 6 нысанды күрделі жөндеуге, 150 миллион теңгесі бір нысанды реконструкциялауға және 13,8 миллион теңгесі бір нысанға ағымдағы жөндеу жүргізуге жұмсалды. Бүгінгі күні жоспарланған он бір құрылыс жобасының 5-еуі толықтай аяқталып, ел игілігіне берілді. Бұл қатарда ауыл мәдениетін көтеруге бағытталған нысандар да бар. Нақты айтсақ, Бұрабай ауданының орталығы Щучинск қаласында 400 орындық зәулім мәдениет үйі бой көтерді. Кеңесары ауылында 120 орындық жаңа клуб пайдалануға берілді, Аршалы ауданының Жібек жолы ауылында жаңа демалыс орталығы ашылды. Степногорск қаласына қарасты Қарабұлақ ауылында заманауи мәдениет үйі салынды. Бұланды ауданының Вознесенка ауылында жаңа мәдениет үйі есігін айқара ашты. Сонымен қатар, жөндеуді қажет еткен 7 жобаның 5-еуі сәтті аяқталды. Олардың ішінде Аршалы ауданының Анар ауылдық клубы, Есіл ауданының Свободное ауылындағы мәдениет үйі, Шортанды ауданы Жолымбет кентіндегі мәдениет үйі және Бұрабай ауданының Урымбай ауылындағы мәдениет үйі күрделі жөндеуден өтіп, келбеті жаңарды. Сондай-ақ, Ақмола облыстық орыс драма театрының екі кабельді желісіне де 13,8 миллион теңгеге ағымдағы жөндеу жүргізілді.

2-бетте

Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы

Адами капиталды дамыту, қоғамның зияткерлік және мәдени әлеуетін нығайту, білім беру, тәрбиелеу және оқу-ағарту ісінің негізгі элементі ретінде кітап оқу мәдениетін насихаттау, зерделі ұлт қалыптастыру, сондай-ақ, шығармашыл, жасампаз және бәсекеге қабілетті тұлғаны дамыту үшін жағдай жасау мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Мыналар мәдениет, білім беру және инновациялар салаларындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттары болып айқындалсын:
 - кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру; оқырмандарға арналған заманауи инфрақұрылымды дамыту; цифрлық құралдарды кеңінен қолдана отырып, жаңа форматтағы кітапханалар, қоғамдық кеңістіктер құру; туындылары жас ұрпақты Қазақстан Республикасы Конституциясының негізгі қағидаттары мен ережелерін құрметтеу рухында тәрбиелеуге ықпал етіп жүрген отандық жазушылар мен ақындарды қолдау; баспагерлер мен кітап өнімін таратушылардың мемлекет үшін пайдалы қызметтерін ынталандыру; ұлттық әдеби мұраны ел ішінде және шетелде насихаттау.
2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:
 - 1) халықтың әртүрлі санаттары, оның ішінде балалар мен жастар арасында кітап оқу мәдениетін дамыту және кітап оқудың орнықты дағдыларын қалыптастыру жөніндегі шаралар кешенін іске асыруды қамтамасыз етсін;
 - 2) жаңа форматтағы кітапханалар, көпфункционалды қоғамдық кеңістіктер құруды, заманауи ақпараттық жүйелер мен сервистер ендіруді қоса алғанда, оқырман инфрақұрылымын жаңғыртуды қамтамасыз етсін;
- 3) ұлттық әдеби мұраны ел ішінде және шетелде насихаттауды, оның ішінде туындыларды сапалы аудару, басып шығару, оқырмандардың кең ауқымды аудиториясына тарату арқылы қамтамасыз етсін;
- 4) 2026 жылғы 1 қыркүйекке дейін «Жылдың 10 оқырманы» республикалық жобасын іске асыруға кіріссін;
- 5) жасанды интеллектті дамыту жағдайында 2026 жылдың соңына дейін Кітап оқу мәдениетін және кітап ісін насихаттауды 2027 – 2031 жылдарға арналған «Зерделі ұлт» тұжырымдамасын (бұдан әрі – «Зерделі ұлт» тұжырымдамасы) бекітсін;
- 6) 2027 жылғы 1 қаңтарға дейін «Кітапхана және кітап шығару ісі туралы» Қазақстан Республикасының жаңа Заңының жобасын әзірлесін;
- 7) 2027 жылғы 1 қаңтарға дейін кітап оқу мәдениетін дамытудағы жетістіктері үшін Ұлттық сыйлық тағайындасын;
- 8) 2027 жылғы 1 қаңтарға дейін бірыңғай қолжетімді Ұлттық цифрлық кітапхана платформасын құрсын;
- 9) жыл сайын «Зерделі ұлт» тұжырымдамасының іске асырылу барысы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне есеп берсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2026 жылғы 16 мамыр
№ 1279

Жуырда Астанада тұрғындардың көптен күткен LRT жүйесі іске қосылды. Түркістандағы Түркі ұйымына мүше мемлекеттердің саммитінен оралған Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ашылу салтанатына қатысып, вагондарды аралап көрді.

Елордада LRT жүйесі іске қосылды



Еліміздегі тұңғыш LRT жүйесінің іске қосылу шарасына біз де «Арқа ажары» редакциясы ұжымының атынан барып қатысып, алғашқы жолаушылардың қатарында болып қайтқан едік. Өрбір LRT құрамы 600-ден астам жолаушыны тасымалдауға арналған. Пилотсыз жүретін пойыздарда басқару, жетелдеу, тежеу және есіктерді ашу сияқты үдерістермен қатар, төтенше жағдайлар кезінде іске қосылатын тетіктер автоматтандырылған. Сондай-ақ, қосымша бақылау үшін қолмен басқару және диспетчермен байланысу мүмкіндігі бар. «Сығанақ» стансасының ауысым жетекшісі Зарина Оразбайқызымен сұхбаттасқанымызда, ол жалпы LRT тоқтайтын 18 станса барын, әр ауысымда 5 адамнан кезекшілік атқаратындарын алға тартты. Өр вагонның сыйымдылығы шамамен 150 адамды құрайды екен. – Қытайда оқып, осында жұмыс істеп жатырмыз. Көлік құралы Әуешайдан – Нұрлы жолға дейін 45 минут уақыт жүреді. Бекеттердің аралығы шамамен 6 минуттан, – дейді Тимур Бижанов атты LRT қызметкері. Жоғары технологиялармен жабдықталған жеңіл релсіз көліктің қауіпсіздік жүйесінде жол ақысын төлеудің бірнеше тәсілдері қарастырылған. Жол жүру құны 200 теңге, ал, жеңілдетілген санатқа жататын азаматтар тегін қатынай алады. Жолаушылар сапарды

кез келген ыңғайлы тәсілмен атап айтқанда, банктік немесе көлік картасы, QR, Apple Pay, Samsung Pay немесе Face Pay қосымшасы арқылы төлей алады. Бірінші кезінде LRT-де төлем автономды болады, кейінірек ол автобулардағы жалпы қалалық төлем жүйесімен біріктіріледі. Ұзындығы 22 шақырымды құрайтын желіде 15 құрам бар. Аталған жол инфрақұрылымы толық заманауи талапқа сай жасалатын. Орташа қозғалыс жылдамдығы сағатына 50-60 километр. LRT жүйесі іске қосылғалы бері оны 180 мыңға жуық жолаушы тамашалаған. Сонымен қатар, жауаптылар қажеттілік туындамаса, төтенше түймелерді баспауды, есіктерді өз бетінше ашпауды ескертті. Мұндай жағдайлар жолаушылар үшін қауіпті деп саналып, вагондар мұндай жағдайда тоқтай қалады, себебі, жүйе толық автоматтандырылған. Еске салсақ, елордада бұған дейін журналистер үшін арнайы баспасөз туры ұйымдастырылған еді. Мамандар релстерді, станцияларды, жылжымалы құрамды, байланыс желілерін, басқару және қауіпсіздік жүйелерін тексерді. Енді міне, LRT-ның өзі де пайдалануға берілді.

Бейбарыс ШАЛАБАЕВ,
«Арқа ажарының» өз тілшісі
Астана.

ПІКІР

Ой-өріс кітапханадан басталады

Президентіміздің кітап оқуды дамыту жөніндегі бастамасы қоғам үшін өте маңызды әрі уақыт талабына сай көтерілген мәселе. Себебі, кітап оқу адамның ой-өрісін кеңейтіп, білімін арттырып қана қоймай, рухани дамуына да үлкен әсер етеді. Осы бастаманы Ақмола облыстық кітапханасы ұжымы толық қолдайды және бұл бағыттағы жұмыстарды одан әрі жандандыруға және күшейтуге әзір десек болады.

Бүгінде кітапхана тек кітап сақталатын орын ғана емес, ол білім мен мәдениеттің, ізденіс пен дамудың орталығына айналып отыр. Жыл сайын оқырмандарға қызмет көрсету бөліміне қала мен облыстың елу мыңнан астам тұрғыны келеді. Олардың қатарында оқушылар, студенттер, мұғалімдер, түрлі сала мамандары, зейнеткерлер мен кітап оқуды жақсы көретін қарапайым тұрғындар бар. Мағжанның қара шаңырағы саналатын кітапхананың оқырманға қызмет көрсету бөлімінде әдебиеттің барлық түрі жинақталған. Сол себепті де бұл бөлім кітапхананың жүрегі іспеттес. Мұнда оқушылар мен студенттер өз бағдарламасына қажетті кітаптарын тауып, ал, ересектер өз жұмысына қажетті немесе бос уақытында оқитын әдебиеттерді таңдайды. Қорда білімнің барлық саласы бойынша кітаптар бар және кез келген талғама сай көркем әдебиеттер ұсынылған. Егер оқырман қажетті кітапты өз бетімен таба алмаса, абонемент пен оқу залының тәжірибелі қызметкерлері әрдайым көмек көрсетуге дайын. Сондай-ақ, бөлім қызметкерлері кез келген оқырманның білім кеңістігін кеңейтуге және өзін-өзі дамытуға қолдау көрсетуді мұрат етеді. Сонымен қатар, жастардың зияткерлік қабілеттерін дамытуға, кітапхананың тартымды бейнесін қалыптастыруға және оқырман белсенділігін арттыруға ерекше көңіл бөлінеді. Кітапхана қызметі бірыңғай оқырман билеті арқылы жүзеге асырылады. Жеке куәлігі, толқуы және немесе туу туралы куәлігі бар кез келген адам кітапхана қызметін пайдалана алады. Қазіргі таңда заманауи ақпараттық технологиялар кітапхана жұмысының ажырама бөлігіне айналды. Соңғы жылдары оқырмандармен жұмыс барысында жаңа технологиялар кешінен қолданылып келеді. Қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында бөлім секторларында «іздеу» жүйесі орнатылып, ол

оқырмандарды жылдам тіркеуге және қажетті әдебиеттерді тез табуға мүмкіндік береді. Жаңа технологияларды енгізу дәстүрлі кітапхана жұмысын алмастырмайды, керісінше оны кеңейтіп, мазмұнын байыта түседі. Компьютерлік технологиялар мен электронды ресурстарды пайдалану кітапхана қызметінің сапасын арттырып, оқырмандарға қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді. Бүгінде кітапхана қоры сапалы әдебиеттермен тұрақты толықтырылып отырады. Қазіргі таңда кітап қорында 285 695 дана кітап бар, оның 80 756 данасы мемлекеттік тілдегі әдебиеттер. Қор әлеуметтік маңызды бар әдебиеттермен, мемлекеттік тапсырыспен шығарылған кітаптармен, сондай-ақ, жазушылар мен оқырмандар сыйға тартқан еңбектермен толықтырылады. Түскен әдебиеттер облыстың барлық аудандық кітапханаларына бөлініп беріледі. Бұл өңір тұрғындарының сапалы кітаптарға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, кітапханада мерзімді басылымдарға тұрақты түрде жазылу жүргізіледі. Бүгінде электронды каталог жүйесіне қосылған кітап ордасындағы мәліметтер базасына 457 099 құжат енгізілген. Бұл жүйе оқырмандарға қажетті әдебиетті жылдам табуға және ақпаратты тиімді пайдалануға көмектеседі. Ел Президентінің «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы кітаптың қоғамдағы рөлін арттыруға үлкен серпін береді деп сенеміз. Кітап оқитын адам ойы терең, рухани бай адам. Сондықтан, барша тұрғындарды кітапханаға келіп, кітап оқуға, білім мен рухани құндылықтарымызды бірге дамытуға шақырамын.

Қуаныш ОСПАН,
Мағжан Жұмабаев атындағы Ақмола облыстық
Әмбебап-ғылыми кітапханасының директоры.



21 МАМЫР - МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

Ата-бабамыздан келе жатқан Ұлттық болмысымыз

(Соңы. Басы 1-бетте).

Облыс мәдениет саласын дамыту қарқынды басқарылып келеді. 2026 жылы жалпы сипаттағы трансфертер және жергілікті бюджет есебінен 2,3 миллиард теңге қарастырылып, оған 6 құрылыс жобасын аяқтау, сондай-ақ, бірқатар ірі нысандарды қайта жаңғырту жоспарланып отыр. Алдымен, аяқталуы тиіс негізгі жобалар жөнінде айтып өтейін. Зеренді ауылындағы музей – креативті хаб бірегей жобасын аяқтауға биыл 878 миллион теңге бөлінді. Бұл өңір жастары мен өнерпаздары үшін жаңа шығармашылық алаңға айналады. Сонымен бірге, Аршалы кентіндегі 300 орындық мәдениет үйі облыстық бюджет есебінен толықтай жүзеге асырылып, халық игілігіне берілмек. Бұларды ауданның Никольское ауылындағы мәдениет үйі, Бұрабай ауданының Қатаркөл ауылындағы 200 орындық клуб, Жақсы ауылындағы Жастар демалыс орталығы, Ақкөл ауданының Азат ауылындағы қоспалалы спорт-мәдениет кешені биыл аяқталып, құрылыс жұмыстары мәресіне жеткізіледі. Сол сияқты, реконструкциялау және жөндеу бағытында да ауқымды істер бар.

Жалпы, Ақмола облысында мәдениет саласына, әсіресе, ауылдық аймақтардағы рухани ошақтарды дамытуға мемлекет тарапынан үлкен қолдау көрсетіледі. Жанарған гимнартар мен заманауи хабтар – өңір мәдениетінің ертені жарқын екенінің кепілі.

2025 жылы Ақмола облысында көптеген республикалық және өңірлік деңгейдегі мәдени-көпшілік іс-шаралар ұйымдастырылды. Жыл ішінде Ақмола облысында 2 республикалық іс-шара өтті. Бірі жас акындар айтысы, бірі қыздар арасындағы «Бұрымды қыз» салт-дәстүрлер байқауы. Сонымен қатар, Көкшетауда алғаш рет Құрманғазы атындағы ұлттық халық аспаптар оркестрі ауқымды концерт берді. Ел ішіндегі беделді ұжымның өнерін 10 мыңнан астам көрермен тамашалады. Ұлы Абайдың 180 жылдығына арналған Қазақстанның халық әртісі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Дж.Верди атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты, «Құрмет» және III дәрежелі «Барыс» орденінің иегері, профессор Шахмардан Әбіловтің «Ой толғау. Хәкім Абай» моноопераһы көпшіліктің назарына ұсынылды. Ақмола облысы әкімінің бастамасымен Қорғалжын жерінде сән-салтанатпен алғашқы «FLAMINGO FEST» фестивалі өтті.

Ақмола облысының 12 ауданында материалдық емес мәдени мұраны жинау, сақтау және зерттеу жұмыстары жүзеге асырылып, нәтижесінде «Ақмола облысының материалдық емес мәдени мұрасы» атты кітаптың бірінші томы жарық көрді. Қазан айында Ақмола облыстың тарихи-өлкетану музейінің қызметкерлері Аршалы ауданының елді мекендерінде этнографиялық экспедиция жүргізді.

Бұл ғылыми-зерттеу сапары музейдің жылдық бекітілген жоспары аясында жүзеге асырылып, өңірдің мәдени мұрасын сақтау мен ұрпаққа жеткізуге арналған маңызды іс-шаралардың бірі болды. Экспедиция барысында бірнеше ауыл қамтылып, жергілікті халықтың тұрмыс-тіршілігі, дәстүрлері мен мәдени өмірі жөнінде жан-жақты этнографиялық ақпарат жиналды. Сондай-ақ, аңыздар мен ауыз әдебиет үлгілері жазып алынып, халық шығармашылығының бай қазынасы мұқият сақталды. Бұл сапар барысында музей қоры толықтырыға арналған 36-дан астам құнды экспонат іріктеліп, олардың әрқайсысы өз тарихи және мәдени мәнмен ерекшеленді.

Халық өнерін қамтитын архивтер қалыптастыру мақсатында 2025 жылы «Өн ордасы Көкшетау» антологиясы жарық көрді. Сонымен қатар, өңірде материалдық емес мәдени мұраны насихаттау аясында он, жыр, терме, айтыс және көп өнер шеберлерінің көрмелері мен өнер кештері ұйымдастырылып тұрады. Бұл шаралар халық шығармашылығын насихаттау және мәдени мұраны ұрпаққа жеткізуге бағытталған. Аталған бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады.

Шахмет Құсайынов атындағы Ақмола облыстық қазақ музыкалық-драма театры 2025 жылдың қаңтар-желтоқсан айлары аралығында 368 қойылым көрсетіп, жыл ішінде 7 жаңа премьералар сахналады. Соның ішінде Жестің 80 жылдығына арналған «Сонга хат» спектакль-концерті, сондай-ақ, «Өтелмеген парыз», «Додесқалдэн», «Ортеке туралы аңыз» және балаларға арналған қойылымдар көрерменге ұсынылды. Театр ұжымы бірқатар жоғары марапаттарға ие болды. Халық әртісі Жібек Бағысова Мемлекет басшысының құттықтау хаты мен салалық марапаттарға ие болса, сахна майталманы Қайрат Мырзаболотовқа «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағы берілді, актриса Жанар Құсайынова «Дара» төбелігімен марапатталды.

2026 жыл аталмыш театр үшін айтулы әрі тарихи жыл. Көкше топырағында қазақ театрының шаңырақ көтергеніне биыл 30 жыл толып отыр. Осы мерейлі дата қарсаңында театр ұжымы бірқатар ауқымды шығармашылық жобаларды жүзеге асыруда. Осы орайда, театр ақпан айында «Өтелмеген парыз» қойылымымен Астана қаласына гастрольдік сапар ұйымдастырды. Спектакль авторы, белгілі жазушы-драматург Төлен Әбдік қойылымды арнайы тамашалап, жоғары бағасын берді.

Сонымен бірге, биыл Шахмет Құсайынов атындағы облыстық қазақ музыкалық-драма театры ұлттық рух пен мәдениетті ұлықтайтын «Наурыз» ұлттық сыйлығына үміткер болып, алғаш рет «Театр өнері» номинациясы бойынша Ақжол Сәбиттің «Ортеке туралы аңыз» қойылымымен жеңімпаз атанды. Бұл – театр ұжымының табанды еңбегі мен шығармашылық ізденісінің жемісі.

Ақмола облыстық орыс драма театры үшін де 2025 жыл табысты өтті. Жыл бойы театр сахнасында 13 жаңа қойылым ұсынылды. Қойылымдардың жалпы саны 328 спектакльді құрады. Репертуар отандық авторлардың 61 және шетелдік авторлардың 267 шығармасын қамтыды. Балалар аудиториясына арналған спектакльдер саны – 203, ересек көрерменге арналғаны – 125. Театр 2025 жылы халықаралық фестивальдерге белсенді қатысып, бірқатар беделді марапаттарға ие болды.

2026 жылы Үкілі Ыбырай атындағы Ақмола облыстық филармониясының ұжымдары халықаралық және республикалық деңгейдегі бірқатар ірі мәдени жобаларды жүзеге асырып, өңір мәдениетінің мерейін асқаттатты.

Симфониялық оркестр әртістері мен «Тәкку» би ансамблі Үндістанда өткен беделді халықаралық Lakshminarayana Global Music Festival - 2026 фестиваліне арнайы шақыртумен қатысып, Қазақстан өнерін әлемдік сахнада танытты. Белгілі үнді маэстро-сы L. Subramaniam ансамбль үшін арнайы музыкалық шығарма жазып, қазақстандық өнерпаздардың өнеріне жоғары баға берді. Фестиваль аясында концерттер Үндістанның бірнеше ірі қалаларында өтіп, шетелдік көрерменнің зор ықыласына ие болды. Бұл жетістікке қол жеткізуде «Тәкку» би ансамблінің көркемдік жетекшісі, Мәдениет саласының үздігі Гүлмира Ордабаеваның шығармашылық ізденісі мен кәсіби еңбегі өлшеусіз. Жыл көлемінде филармония ұжымдары халықаралық мәдени байланыстарды нығайтуға, ұлттық өнерді дәріптеуге және өңірдің мәдени имиджін көтеруге бағытталған маңызды жобаларды табысты жүзеге асырды.

Облыстағы мәдениет саласының шығармашылық қызметкерлерінің жалпы саны 1900 адамды құрайды. Олардың 200-ге жуығы біліктілікті арттыру курстарынан өткен. Сонымен қатар, облыста жұмыспен қамтылған жас мамандардың жалпы саны 127 адамға жетті. 2025 жылы Ақмола облысы бойынша 32 жас маман жұмысқа орналасты, олардың 16-сы қалаларға, 16-сы аудандарға жолданды. Аршалы, Ерейментау, Астрахан, Жарқайың, Целиноград аудандарында жас мамандарға тұрғын үйге көтерме және жеңілдікті несие берілді.

2026 жылы өңірдегі мәдениет саласында маңызды мерейтойлық оқиғалар ерекше назар аударылады. Атап айтқанда, жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың 180 жылдығы, қазақ күй өнерінің дүлдүлі Дина Нұрпейісованың 165 жылдығы, белгілі акын Үмбетей Тілеуұлының 330 жылдығы, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 35 жылдығы кеңінен атап өтіледі.

Осы мерейтойлық күндер аясында өңірдің клубтық мәдениет нысандары жан-жақты жобалар мен іс-шараларды уақытылы және сапалы түрде жүзеге асыруға міндеттелген. Сонымен қатар, материалдық емес мәдени мұраны насихаттау мақсатында айтыс, күй, он байқаулары мен басқа да дәстүрлі өнер шаралары өткізіледі. Бұл іс-шаралар халыққа рухани байлықты жеткізіп, ұлттық мәдениетімізді дәріптеуге үлес қосады.

Биыл алғаш рет Германияның Франкфурт және Штутгарт қалаларында Ақмола облысының шығармашылық кештері өтті. Кеш бағдарламасына «Шапағат» мемлекеттік медальінің иегері Аяғыз Қалмағамбетова, халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаттары, «Orda» этно-фольклорлық ансамблі және жас дәстүрлі өнші Зәмзәүл Смағұлова қатысты. Міне, осылайша, ақмолалық шығармашылық ұжымдар мен жеке орындаушылар шетелдік сахналарда өнер көрсетіп, дәстүр мен заманауи стильдің үйлесімін паш етуде.

«Халықтық» және «Үлгілі» атағына ие ұжымдардың саны – 127, нақтылап өтсем, олардың 97-сі «Халықтық» атағына 30-ы «Үлгілі» атақтарына ие болған.

Сонымен қатар, Ақмола облысында мемлекеттік шығармашылық тапсырыс аясында 268 шығармашылық үйірме жұмыс істейді, онда 8500-ге жуық бала айналысады. Олар хореография, вокал, музыкалық аспаптар ойнау, кескіндемесі және сурет салу, сәндік-қолданбалы шығармашылық дағдыларын үйренеді. Жан басына шаққандағы шығармашылық тапсырысты қаржыландыру бос уақытты ұйымдастыруға, көпбалалы және әлеуметтік осал отбасылардың балаларын өнерге тартуға мүмкіндік береді.

Осы мерекелік рәуішті пайдалана отырып, халықтың рухын көтеріп жүрген барша мәдениет қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтаймын! Шабыттаныңыз таусылмай, еңбектеріңіз жана берсін, отбастарыңызға амандық-саулық тілеймін.

Айгүл СӘБИТОВА,
Ақмола облыстық мәдениет басқармасының басшысы.

Арқаның қербез сұлу Көкшетауында Халықаралық музейлер күніне арналған «Музей түні – 2026» акциясы биыл да ерекше әсерлі өтті. Облыс орталығында орналасқан қаланың бірнеше музейі бұл күні тұрғындарға есігін айқара ашып, келушілерге тарихқа, өнерге және ұлттық руханиятқа толы мазмұнды бағдарламалар ұсынды.

Рухани алтын көпір

Ақмола облыстық тарихи-өлкетану музейінде өткен «Музей міх: уақыт арқылы саяхат» атты кеш көрермендерді бірнеше дәуірге жетелеген ерекше жобалардың бірі болды.

Музейлер ұйымдастырған мерекелік кешке Ақмола облыстық мәдениет басқармасының басшысы Айгүл Сәбитова қатысып, жиналған көпшілікті Халықаралық музейлер күнімен құттықтады. Ол өз сөзінде музейлердің қоғам өміріндегі маңызына тоқталып, бұл орындардың тек көне жойғылар сақталатын мекемесі ғана емес, ұлттық тарих пен руханиятты ұрпаққа жеткізетін мәдени орталық екенін атап өтті.

– Құрметті музей қызметкерлері мен қала тұрғындары! Баршаның Халықаралық музейлер күнімен шын жүректен құттықтаймын! Музей халықтың өткенін бүгінмен жалған тұрған рухани алтын көпір. Осындай тағлымды шаралар арқылы жастар тарихымызды тереңірек танып, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге үйренеді. Бүгінгі кештің мазмұнды әрі ерекше ұйымдастырылуы музей қызметкерлерінің үлкен еңбегінің нәтижесі. Баршаның көтеріңкі көңіл-күйі, шығармашылық табыс және музей саласына деген қызығушылықтың арта беруін тілеймін, – деді Айгүл Сәбитова.

Ақмола облыстық тарихи-өлкетану музейі аумағы бірнеше тақырыптық аймаққа бөлініп, әрқайсысы өзінше белсендірілді. Келушілер бір көріністен екіншісіне өтіп, олардың әрқайсынан басқа бір уақыт кеңістігіне енгендей әсер алды. Кешке келген жұрт тек музей аралап қана қоймай, әр дәуірдің тынысын сезініп, шығармашылық жарыстарға қатысып, ерекше әсер мен айырхана көңіл-күйде болды.

Музей түніне келгендердің қарасы көп болды. Ата-анасына

ерген балалар, жастар, студенттер, қала қонақтары мен зиялы қауым өкілдері кеш басталмай жағып музей алаңдарына жиналды.

Музей түнінің ашылуы Ақмола облыстық орыс драма театрының актерлерінің театрландырылған қойылымымен басталды. Көпшіліктің ерекше қызығушылығын тудырған орындардың бірі музей алаңынан орын тепкен қазақ ауылы болды. Бұл жерде күн үй тігіліп, ұлттық бұйымдар қойылып, қазақтың көне тұрмысы көрсетілді. Домбыра үні естіліп, ұлттық киім киген жастар келген қонақтарды қарсы алды. Көлінер шеберлері киіз басу, зергерлік бұйым жасау секілді жұмыстарын көрсетіп, келушілерге шеберлік сабақтарын өткізді. Балалар асық ойнап, үлкендер ұлттық дәстүрлер жайлы әңгімелесті.

Кешке келген қала тұрғыны, зейнеткер Күләш Әбідрахманова музей түнінен ерекше әсер алғанын айтып, мұндай шаралардың тәрбиелік маңызы зор екенін жеткізді.

– Бұрын музейге көбіне ресми шаралар кезінде ғана келетінбіз. Ал, бүгінгі кеш мүлде ерекше әсер сыйлады. Әсіресе, бұрынғы ауыл өмірін бейнелеген көріністер көңілімізге жылы тиді. Қазіргі жастар мұндай дүниелерді кітаптан ғана оқиғы қой, ал, бүгін соны көзбен көріп, сезінуге мүмкіндік алды. Немерелерім де мұндағы көрмелерді үлкен қызығушылықпен тамашалап, «же анау не, мынау не?» деп сұрап жүр. Осындай кештер жастарға тарихты танытып, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге жетелейді деп ойлаймын. Музей қызметкерлеріне осындай әсерлі кеш ұйымдастырғандары үшін үлкен алғыс айтамын, – деді ол.

КӨКТЕМГІ ЕГІС – 2026

Шегірткелер шеруінен қауіп қашанда сейілмейді

Диқандар үшін көктемгі-жазғы кезең – қарқынды дала жұмыстарының және болашақ егінді сақтау үшін күрестің шешуші кезеңі. Ауыл шаруашылығы дақылдарына айтарлықтай зиян келтіретін қауіпті зиянкестер мен карантиндік нысандар егіншілік саласы үшін әлі де елеулі қауіп болып қала береді.



Сондықтан, аймақта фитосанитарлық қауіпсіздік мәселесіне ерекше көңіл бөлінуде. Осы орайда, жақында Жарқайың ауданында аса қауіпті зиянкестермен және карантиндік нысандармен күрес жөніндегі жылжымалы желелі топтың отырысы болып өтті. Жинға облыс әкімінің орынбасары Мұрат Балпан, Ауыл шаруашылығы министрінің, облыстық және аудандық атқарушы органдардың, тиісті қызметтердің өкілдері, шаруашылықтардың басшылары мен мамандары қатысты.

Жылжымалы желелі топтың отырысына аталған ауданда өткізу туралы шешім кезелісік емес. Бұл облыстағы ең ірі ауыл шаруашылығы аудандарының бірі және биыл мұнда химиялық өңдеуді қажет ететін айтарлықтай аумақтар шоғырланған. Сонымен қатар, іргелес Қостанай облысының италияндық шегірткенің қоныс аудару қаупі сақталып отыр.

Отырыс барысында қатысушылар ағымдағы фитосанитарлық жағдайды, мониторинг шараларын, мамандандырылған техниканың дайындығын, қорғаныс шараларының орындалуын жан-жақты талқылады. Оның барысында зиянкестердің ошақтарын желден анықтауға, ведомстваралық ынтымақтастыққа, пайда болған қауіп-қатерге дер кезінде ден қоюға ерекше назар аударылды.

Іс-шараның практикалық бөлімі ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің ерекше қызығушылығын тудырды. Қатысушыларға қазіргі заманғы бүрікшіш қондырғылардың жұмысы, сондай-ақ, ауыл шаруашылығында жиі енгізіліп жатқан ұшқышсыз ұшу жүйелерінің мүмкіндігі көрсетілді. Заманауи технологиялар дәлалық мониторингті желілерек және тиімді жүргізуге, зиянкестердің ошақтарын дер кезінде анықтауға және ауыл шаруашылығы жерлерін игеру сапасын айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік береді.

Ауыл шаруашылығы министрінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті төрағасының орынбасары Саят Сақмолдин атап өткеніндей, зиянкестермен күрестің тиімділігі барлық ведомстволардың келісіліміне іс-қимылдарына тікелей байланысты:

– Бүгінгі таңда сапалы мониторингті қамтамасыз ету және қорғау шараларын уақытылы жүзеге асыру өте маңызды. Өңірдің фитосанитарлық қауіпсіздігі мен егін алқаптарының қауіпсіздігі барлық мүдделі органдардың тиімділігі мен үйлестіруіне тікелей байланысты.

Штаб отырысына қатысушылар зиянкестер қауіпін жоғарылау кезеңінде мониторингті күшейтіп, алдын алу шараларын белгіленген мерзімде қатаң түрде жүзеге асыру маңызды екенін тоқталды.

Облыс әкімінің орынбасары атап өткеніндей, Жарқайың ауданы бірнеше жылдан бері фитосанитарлық қауіпсіздік мәселелерін талқылайтын алаңға айналды.

– Өздеріңіз білетіндей, бұл ауданда аймақтық штабтың отырысы екінші рет өткізіліп отыр. Алдыңғы кездегі жүргізілген жұмыс оң нәтиже берді. Сөйтіп, зиянкестердің таралуын айтарлықтай азайта алдық. Бүгінде мемлекет пен облыс ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің күш-жігерін біріктіруден жақсы үйлестірілген жұмыс нәтижесін көріп отырмыз. Бұл өте маңызды, өйткені, Жарқайың ауданында химиялық өңдеуге жататын ең көп аумақтар бар, – деді Мұрат Балпан өз сөзінде.

Отырыс барысында аудан өкілдері де қорғаныс шараларын ұйымдастыру, бұл үшін құрал-жабдықтармен қамтылу, тиісті қызметтермен өзара әрекеттесу бойынша өз ұсыныстары мен пікірлерін білдірді.

Отырысқа қатысушылар тек үздіксіз мониторинг, заманауи технологияларды пайдалану және барлық мүдделі тараптардың үйлестірілген жұмысымен ғана шегіртке зиянкестерінің таралуына қарсы тиімді күресіп, болашақ егінді сақтай алатындары жөнінде бірауыздан қорытындыға келді.

Өңірде фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету аграрлық сектордың тұрақтылығына, азық-түлік қауіпсіздігіне және ауылдық жерлердегі экономикалық тұрақтылыққа тікелей әсер ететін жүйелі жұмысты қажет ететіндігі анық.

«Арқа ажарының» өз ақпараты.

Жарқайың ауданы.



Ақмола облысы
Өңірлік коммуникациялар қызметі

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте облыс диқандарының көктемгі дала жұмыстарына дайындығы аяқталып қалғаны айтылды. Ақмола облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Нұрбек Бадырақовтың мәлімдеуінше, аймақ көктемгі егіс науқанына нақтыланған стратегиямен және техникалық жабдықталудың жоғары деңгейімен келіп отыр.

Биылғы егіс стратегиясы: эртартапандыру мен технологиялық жаңғырту

Ақмола облысында биылғы көктемгі егіс науқанына дайындық жұмыстары мәресіне жетті. Өткен жылғы рекордтық өнімнен кейін аграршылар жаңа маусымға тың серпінмен қадам басып отыр. Басталып кеткен биылғы науқанның басы ерекшелігі, дәнді дақылдарға тәуелсіздікті азайтып, егіс алқаптарын эртартапандыруға басым назар аударылуында.

Ағымдағы жылы облыстың жалпы егіс алқабы 5,6 миллион гектарды құрайды. Соның ішінде жаздық егіс көлемі өткен жылмен салыстырғанда 46,4 мың гектарға ұлғайтылып, 5,4 миллион гектарға жетті. Алайда, егіс құрылымында айтарлықтай сапалық өзгерістер бар. Мәселен, бидай алқабына тоқталсақ, оның егісі 74,7 мың гектарға қысқартылып, жалпы 3,8 миллион гектарды құрады. Дәнді дақылдарды қысқарту есебінен майлы дақылдар алқабы 90 мың гектарға өсіп, 585,2 мың гектарға жетті. Оның ішінде зығыр – 337,7 мың гектарға, құнбағыс – 164,6 мың гектарға егілді. Мал азықтық дақылдар 34 мың гектарға, ал, көкөніс алқаптары 178 гектарға ұлғайтылды. Картоп егісінің көлемі өткен жылғы деңгейде қалып, 8,6 мың гектарды құрайды. Шаруашылықтарда картоп отырғызу 3,2 мың гектар жерде жоспарлануда.

– Аймақтағы дақылдардың құрылымы эртартапандыру бағытына қарай өзгеруде. Өңірде дәнді дақылдарға тәуелсіздік біріндет төмендетіліп, майлы, жеміш және көкөніс дақылдарының өндірісін арттыруға басымдық берілуде. Бұл қадмдар облыстың аграрлық секторын нарық сұранысына икемделу және топырақ құнарлылығын сақтауға бағытталуда. Агротехникалық шаралар бойынша айтасақ, ылғал сақтау да басты назарда. Биылғы көктемнің ерте келуі мен ауа температурасының жоғары болуы топырақтағы ылғалдың тез булануына әсер етті. Осыған байланысты шаруалар ылғал жабу жұмыстарын жетілдіріп, жоспарланған 3,3 миллион гектардың бәрінде дерлік аяқталды. Сонымен бірге, тұқым мәселесі де толық шешілді. Себегіне дайындалған 539,8 мың тонна тұқымның барлығы кондициялық талаптарға сай. Оның 65,8 пайызы жоғары сапалы I-сыныпты тұқымдар. Сондай-ақ, биыл минералдық тыңайтқыштарды қолдану көлемін 433,5 мың тоннаға дейін жеткізу жоспарлануда, бұл өткен жылғы деңгейден айтарлықтай жоғары. Өздеріңізге мәлім, өткен жылы облыс шаруалары шамамен 336 мың тонна минералдық тыңайтқыш енгізіп, қолайлы климаттық жағдайлардың арқасында астықтан 7,6 миллион тонна көлемінде рекордтық өнім алуға мүмкіндік алды. Қазіргі таңда оны 251 мың тонна көлемінде жеткізуге келісім-шарттар жасалды. Бұл бағыттағы жұмыс жалғастырылатын болады, бұл көктемгі егіс жұмыстарын табысты өткізуге және өңірдің аграрлық өндіріс

тиімділігін арттыруға берік негіз қалыптастыруға мүмкіндік береді, – деді брифинг барысында басқарма басшысы.

Техникаларды жаңарту мен мемлекеттік қолдау мәселелері де брифингте кеңінен қозғалды. Биылғы егіс науқанына 12,5 мың трактор, 16,6 мың дөң сепкіш және 1,5 мың жоғары өнімді егіс кешені жұмылдырылды. Баяндамашының мәліметінше, техниканың барлығы науқанға толық дайын, қазір біріндет жұмысқа кірісіп жатыр. Машина-трактор паркін жаңарту көрсеткіші 7 пайыздан 8,5 пайызға дейін өседі деп күтілуде. Бұған жеңілдетілген лизинг бағдарламалары оң ықпал етуде. Мәселен, биылдың алғашқы үш айында аграршылар 22,6 миллиард теңгеге 433 жаңа техника сатып алған.

Мемлекет тарапынан саланы қаржылық қолдау соңғы жылдары жақсы жолға қойылғаны белгілі. Себебі, көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын табысты жүргізу үшін оны қаржыландыру маңызды мәселе болып табылады. «Кең Дала - 2» бағдарламасы бойынша 664 шаруашылық 96,7 миллиард теңге несие алса, субсидиялау бойынша агроөнеркәсіп кешені саласын қолдауға 85,5 миллиард теңге бөлінді, оның 82 пайызы немесе 70 миллиард теңгесі басқарма тарапынан төленгені көрінді.

Дизель отынының жеткіліктілігі көктемгі дала жұмыстарын уақытылы жүргізудің аса маңызды шарты болып табылады. Осы ретте, көктемгі дала жұмыстарына 76,7 мың тонна арзандатылған дизель отыны бөлінді, бағасы литріне 281 теңге болып белгіленді.

Баяндамашының қорытындылай келе, басқарма басшысы Ақмола облысы биылғы егіс науқанына кешенді дайындықпен келгенін, дәнді дақылдардан бас тартып, майлы және жеміштік бағытқа басымдық берілгенін, технологиялық жаңғыру мен мемлекеттік қолдаудың үйлесім тапқаны өңірдің ауыл шаруашылығын жаңа сапалы деңгейге көтеруге мүмкіндік бергенін тағы бір мәрте атап өтті.

Жалпы, өңірде көктемгі егіс жұмыстарын жүргізуге кешенді әрі жүйелі дайындық циклі оң ықпал етіп отырғанын атап өтуге болады. Брифинг соңында жылда қайталанатын егінді киіктердің таптап кету мәселесі көтеріліп, бұл бағытта атқарылатын жұмыстар, сонымен бірге, биылғы өнім алу жоспары сұралды. Нұрбек Бақтыбайұлының айтуынша, киіктерді басқа облыстарға қарай ауырып жіберу шаралары қарастырылса, өнім алу жайы ауа райына байланысты.

Ендеше, елді ырыздыққа белейтін аграршылардың кең даланы дүбірге бөлей бастаған егін ету науқанына біз де сәттілік тілейміз!

Бырсалды ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ,
«Арқа ажарының»

ЭКОЛОГИЯ

Ақмола облысы бойынша экология департаментінің мемлекеттік экологиялық бақылау бөлімі қоршаған ортаны қорғау бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп келеді.

Қоршаған орта саулығы жанашырлықта жатыр

Бөлім мамандары табиғат пайдаланушылардың экологиялық заңнама талаптарын сақтауын тұрақты түрде қадағалап, осы мақсатта жоспарлы және жоспардан тыс тексерістер ұйымдастыруда.

Мемлекеттік экологиялық бақылау бөлімінің 2025 жылы атқарған жұмыстарына қысқаша тоқталсақ, Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің бұйрығына сәйкес алдын алу мақсатындағы 12 тексеріс жүргізіліп, олардың қорытындысы бойынша тиісті кәсіпорын-ұйым, мекемелерге 10 ұйғарым берілді.

Сонымен қатар, жыл ішінде біліктілік талаптарына сәйкестікке қатысты 5 тексеріс өтіп, 6 әкімшілік құқық бұзушылық анықталды. Оған кінәлілерге жалпы сомасы 1,2 миллион теңгеден астам айыппұл салынып, ол толық өндірілді.

Мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен өтініштер негізінде де жоспардан тыс 67 тексеріс жүргізіліп, 65 әкімшілік хаттама толтырылды. Салынған айыппұлдардың жалпы сомасы 38,4 миллион теңгені құрады және толық өндіріліп алынды.

Облыстағы құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл нәтижесінде де бірқатар заң бұзушылықтар анықталды. Сөйтіп, 65 әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекстің 802-бабына сәйкес 46 әкімшілік хаттама толтырылып, 2,8 миллион теңгеден астам айыппұл салынды.

Мемлекеттік экологиялық бақылау бөлімі бұған қоса, 111 әкімшілік істі де қарап, кінәлілерге 42,5 миллион теңге көлемінде айыппұл салды.

Бұл туралы облыс әкімдігінің баспасөз қызметі хабарлады. Биыл Президенттің орман алқаптарын ұлғайту жөніндегі тапсырмасы аясында елімізде 150 миллион түп ағаш отырғызу жоспарланғаны белгілі.

Ис-шараға облыс әкімінің орынбасары Мұрат Балпан қатысты.

Ақмола өңірінде 20 миллион түп ағаш отырғызылады

Осы орайда, күні кеше Шағалалы орманшылығының «Бұқа» мемлекеттік мекемесінде шамамен 1 гектар аумақта 5 мың түп екі жылдық қарағай көшеті отырғызылды.

Облыстың жалпы орман қорының аумағы 405 мың гектарды құрайды. Жүктелген міндетке сәйкес, өңірде жыл соңына дейін 20 миллион ағаш отырғызу көзделген.

БІЛІМ САПАСЫ

Өңіріміздегі білім беру жүйесінің сапасын арттыру бойынша маңызды міндеттерді Оқу-ағарту министрлігі Білім беру саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің облыстық департаменті жүзеге асыруда.

Анықтаудың жолы: мониторинг пен талдау



Бүгінде білім берудің сапасы мемлекеттің зияткерлік әлеуетін анықтайтын негізгі көрсеткіштердің бірі.

Департамент жұмысы білім беру ұйымдарының сапалы жүйесін қалыптастырып, заңнама талаптарына сәйкестігін бақылау болып саналады. Соның бір мысалы – мемлекеттік аттестаттау жұмыстары.

Тұрақты бақылау жұмыстары аясында білім беру ұйымдарының мемлекеттік стандарттарға сәйкестігі тексеріледі. Егер қандай да бір бұзушылықтар анықталса, тиісті шаралар қабылданып, оқыту қызметі нәтижелеріне жүйелі талдау жасалады.

Бұдан бөлек, департамент білім беру ұйымдарының қызметіне сыртқы бағалау жүргізеді. Бұл жұмыс барысында оқу-тәрбие үрдісі, педагог кадрлардың кәсіби деңгейі, басқару жүйесі мен материалдық-техникалық базасы көшіні түрде талданады.

Педагогтердің кәсіби дамуына да ерекше көңіл бөлінеді. Бұл

қатар, сот органдарына жолданған 17 істің нәтижесінде 12 тұлға 9,3 миллион теңге көлемінде айыппұл төлеуге міндеттелді.

Өңірдегі өзекті проблемалардың бірі қатты тұрмыстық қалдықтар полигондарының талапқа сай болмауы. Бүгінде облыста 130 полигонға жер учаскелері рәсімделгенімен, оның тек 25-інде ғана қажетті рұқсат құжаттары бар.

Ғарыштық мониторингтің нәтижелері бұл мәселенің ауқымын айқын көрсетіп берді. Айталық, «Қазақстан Ғарыш Сапары» ұлттық компаниясының деректері бойынша 2025 жылы облыс аумағында 458 рұқсатсыз қоқыс орны анықталды.

Бұл ретте, рұқсатсыз қоқыс орындарын жою бойынша уақыттылы шара қабылдамаған лауазымды тұлғалар да жауапкершіліктен тыс қалған жоқ.

Міне, жоғарыда атап көрсетілген нақты шаралардан да анық байқалатынындай, біздің бөлім өңірдегі экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп, осы тұрғыдағы заң талаптарының орындалуын нақты көрсеткіштермен дәлелдеп отыр.

Арыстанбек ТАСҚЫНБАЕВ, Ақмола облысы бойынша экология департаментінің мемлекеттік экологиялық бақылау бөлімінің басшысы.

ЖАЗ ЖӘНЕ ЖАСТҮЛЕК

Облысымызда балалардың сауықтыру лагерлерін лицензиялау талаптары әлі де сұрақтар туғызып отыр.

Балалар лагерлерін лицензиялау сұрақтар тудыруда



Бұл мәселе Кәсіпкерлер палатасының туризм жөніндегі салалық кеңесінде бірнеше рет талқыланып, саланың дамуын тежейтін негізгі факторлардың бірі ретінде аталауда.

Кәсіпкерлердің айтуынша, балаларға білім беру және сауықтыру қызметтерін көрсетуге лицензия алу талаптары маусымдық лагерлердің жұмыс ерекшелігін толық ескермейді.

Талқылау қорытындысы бойынша бизнес өкілдері қолданыстағы талаптарды жетілдіруге бағытталған бірқатар ұсыныстар енгізді.

Медициналық қамтамасыз ету мәселесі де өзекті. Қазіргі талаптарға сәйкес медициналық қызметке лицензия тек заңды тұлғаларға беріледі, бұл жеке кәсіпкерлердің мүмкіндігін шектейді.

Сонымен қатар, кәсіпкерлер біліктілік талаптарынан санитарлық-эпидемиологиялық қызметтерге қатысты нормаларды алып тастап, бұл функцияларды тиісті бақылаушы органдар құзыретінде қалдыруды ұсынады.

Мүліктік талаптар бөлігінде активтерге иелік ету немесе жалға алу мерзімін 10 жылдан 5 жылға дейін қысқарту ұсынылды.

Кәуіпсіздік талаптары бойынша да қайталанатын нормалар мәселесі көтерілді. Атап айтқанда, бейнебақылау, дабыл түймелері, күзет және өткізу режиміне қатысты талаптардың қайталанатыны айтылды.

Сонымен қатар, балалар лагерлері туралы толық әрі сенімді ақпаратты қамтитын бірыңғай республикалық портал құру және балалар сауықтыру орталықтарын қолдау үшін жеңілдетілген қаржыландыру бағдарламаларын енгізу қажеттігі айтылды.

Аталған ұсыныстар салалық министрлік деңгейінде де қаралды. Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменовпен Ақмола облысы балалар және жасөспірімдер туризмі қауымдастығының төрағасы Қайрат Сұлтановтың кездесуінде тараптар жазғы маусым басталғанға дейін осы мәселені одан әрі тиянақтауға уағдаласты.

«Арқа ажарының» өз ақпараты.

АЛАЯҚТАН АБАЙ БОЛ!

Бүгінгі таңда киберқылмыс пен алаяқтықтың белең алуы қоғамның үлкен бір бас ауруына айналып отыр.

Шетелге жұмысқа орналастырамын деп...

Осыған орай, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев құқық қорғау органдарына азаматтардың қаржылық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және алаяқтықтың кез келген түріне қатаң тосқауыл қоюды тапсырған болатын.

Президенттің алаяқтықтың алдын алу және халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру жөніндегі осынау тікелей тапсырмасы аясында Ақмола облысында кезекті ірі қылмыстың беті ашылды.

Тергеу мәліметтеріне сүйенсек, Көкшетау қаласының тұрғыны 2023 жылдан бастап 2026 жылдың қаңтарына дейінгі аралықта «Instagram» әлеуметтік желісін пайдаланып, еш күдік келтірмейтін өзіне тиімді және өзгелер қызығарлық жарнамалар таратқан.

Кәзіргі таңда бұл іс бойынша 80-ге жуық адам жәбірленуші деп танылып, келтірілген шығын көлемі 40 миллион теңгеге жуықтаған.



Бұл жағдай Мемлекет басшысы айтқанындай, қоғамда «сан мен тәртіп» қағидатының мүлтіксіз орындалуы қажеттігін тағы бір мәрте дәлелдеп отыр.

Есіңізде болсын, заңды түрде жұмысқа орналастыру үлерісі ешқашан күмәнді делдалдар мен көлеңкелі сұлбалар арқылы жүзеге аспайды.

Гүлфайруз ТӨРЕМҰРАТОВА, «Арқа ажарының» өз тілшісі.

Қоғамдық талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыру

«Ақмола облысында «Түкті» мемлекеттік ұлттық табиғи паркін құрудың жаратылыстану-ғылыми негіздемесі» жобасы бойынша. Қоғамдық тыңдауларды өткізу мерзімі 20 жұмыс күн, 2026 жылғы 26 мамырдан бастап қоғамдық талқылаулар Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкінің https://ndbecology.gov.kz/ порталында өткізіледі.

Қоғамдық талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыру

«Көкшетау шоқтығында «Экологиялық дәліз» құрудың жаратылыстану-ғылыми негіздемесі». Қоғамдық тыңдауларды өткізу мерзімі 20 жұмыс күн, 2026 жылғы 26 мамырдан бастап қоғамдық талқылаулар Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкінің https://ndbecology.gov.kz/ порталында өткізіледі.

табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Ақмола облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы 020000, Көкшетау қаласы, Громова көшесі, 21-үй. Тел. (8-716-2) 31-55-88.

«Ақмола-Тіршілік» ЖШС Ақмола облыстық «Арқа ажары» газеті редакциясының ұжымы «Зерделі Зеренді» және «Зерен» газеттерінің бас редакторы Ким Светлана Васильевнаның қайтыс болуына байланысты туған-туыстары мен жақындарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ Көкшетау: 8 (716 2) 25-15-10

21 МАМЫР - МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

Көкшетау ежелден ән мен жырдың алтын бесігі, Біржан сал мен Ақан серінің, Үкілі Ыбырайдың ізі қалған қасиетті топырақ. Бүгінде осы киелі өңірдің рухани келбетін асқақтатып, өмір мәдениетінің өрістеуіне өзіндік қолтаңбасын қалдырып келе жатқан сан алуан таланттар шоғыры бар. Сол шоғырдың ішіндегі шоқтығы биік, жас та болса әнсүйер қауымның ерекше ықыласы мен шынайы сүйіспеншілігіне бөленіп үлгерген өнерпаздың бірі – Үкілі Ыбырай атындағы Ақмола облыстық филармониясының жезтаңдай әншісі Аякөз Қалмағанбетова дер едім.

Бұлбұл үнді Аякөз



Сахна деген сұлулық пен талғамның ұштасқан киелі орны десек, Аякөз сол әсемдік пен сұлулықтың нақ өзі. Көрермен оның тек сыңарына ғана емес, оның сахнадағы өзін-өзі ұстау мәнеріне, нұр тұнған ажарына және биік эстетикалық талғаммен таңдалған сахналық киіміне таң-тамаша болатынын байқап жүрміз. Оның болмысынан төгіліп тұрған көркем мінезі мен лирикалық сопрано дауысындағы сыңарына тау суындай тазалық әнші қыздың сахна үшін жаратылғанын дәлелдеп тұрғандай.

Аякөзді мен осыдан бес-алты жыл бұрын түрлі концерттерден көріп, тылсым сырға толы әсерлі дауысына сүйсіндім. Шіркін, қандай ғажап дауыс есі деп таң қалдым. Осындай көмейіне бұлбұл ұялаған әншінің біздің облыстық филармонияда еңбек етіп жүргеніне қуандым да.

Жуырда Аякөз Нұрғалиқызымен жақын таныстым. Ол жер шоқтығы Бұрабайдың баурайындағы тарихи терең Абылай хан ауылының тумасы екен. Өңгімесіне отырып, әншілік оның қанында барын, өнер нағашыларынан дарығанын білдім.

Нағашы апамның сыңарына жарқын дауысы көпшілікті сүйсінткен екен. Тіпті, Қабир апамды Алматыға оқуға да шақыртыпты, бірақ, оның ата-анасы кішкентайсыз деп жібермеген екен. Сол нағашы апам менің кішкентай кезімде ән салып жүргенімді көріп, өзі жетпеген арманына маған жет деп үнемі ақ батасын беріп өтті. Сонымен бірге, менің ата-анам да өнерге жақын, өнерді жанындай сүйетін жандар еді. Өкінішке орай, осыдан 5-6 жыл бұрын асқар тауым – әкем дүниеден озды. Біз отбасында төрт бала болдық, екі әкем, бір ағам бар. Үйдің кенжесі, еркесі болсам да, әкемнің бауырлары мен анам мені әлі күнге аялап келеді. Менің бүгінде ел алдында жарқырап жүріміне алдымен Жаратқан ием, содан кейін отбасымын қолдауы себепкер, – дейді әнші өткенге көз жүгіртіп.

Көптеген отбасыларында қыз баланың өнер жолын таңдауына үрке қарау үрдісі кездесетінін жасырын емес. Бірақ, Аякөздің бағына орай, оның ата-анасы бала арманының қанатын қайырмай, керісінше, ақ батасын беріп, үнемі демеу болған. Жақындығын ақ тілеулі батасы мен туған жерінің қасиеті жас таланттың болашақ жолын айқындап берген десе болады.

Мектеп қабырғасында жүргенінде ұстазы Шолпан Сатыбайқызы оның дауысынан «Қазақтың ақбаяны» атанған Мадина Ералыеваның қолтаңбасын көріп, болашағынан үлкен үміт күтетінін де айтты. Сөйтіп, Аякөздің өнер соқпағы жүйелі біліммен де өділетті. 2010 жылы Біржан сал атындағы Көкшетау музыкалық колледжінің «Хорды дирижерлау» бөліміне оқуға түсіп, классикалық музыка мен академиялық ән салудың қыр-сырын меңгерді.

– Колледжде «Хорды дирижерлау» мамандығы бойынша оқыдым, бірақ төртінші курста оқип жүргенімде, бұл мамандықтың менікі емес екендігін түсіндім. Сол жылы қазақ

опера өнерінің жарық жұлдызы, КСРО және Қазақстанның халық әртісі, белгілі әнші Нұржамал Үсенбаева Көкшетауға келіп концерт берді. Сонда оның өнеріне тәнті болып, мен де вокал әншісі боламын деп бел будым. Оның кітабын, әндері жинақталған дискісін сатып алып, оқуға дайындалдым. 2014 жылы білімді одан әрі шыңдау мақсатында бас шаһардағы Қазақ ұлттық өнер университетінің «Вокалдық өнер» бөліміне оқуға түстім. Мұнда аты аңызға айналған профессор Роза Тленчиеваның класында тәлім алдым. Менің әнші болып қалыптасуыма осы ұстазымның еңбегі зор. Оның аналық және ұстаздық ақыл-кеңесі маған өмір бойына азық, сондықтан, ол кісіге алғысым шексіз, – дейді Аякөз өңгіме арасында. Ұлағатты ұстаз шәкіртіне тек дауыс техникасын ғана емес, сахнаның киесін, көрерменге деген құрметті және әнді жүрекпен сезінуді үйретті.

– Сахнаға шыққан сайын бойымды бір тылсым толқыныс билейді. Оның болғаны дұрыс. Себебі, шығармашылық толқу болмаса, ән жүректен шықпайды. Сахна сонысымен киелі, – деп Аякөз репертуар таңдағанда әннің сөзіне, мағынасына көп мән беретінін де жасырмады.

Жоғары білімді кәсіби маман атанған соң, Аякөз өзге өңірге бармай, бірден туған өлке Көкшетауға оралды. 2018 жылдан бастап Үкілі Ыбырай атындағы Ақмола облыстық филармониясының белді әншісі ретінде еңбек етіп келеді. Жас маманның талантын танып, оның сахнада жарқырауына жағдай жасап жүрген филармония директоры Нұрғұл Ескендірқызына, сондай-ақ ұжымдағы аға буын өкілдеріне, өзінің жанашырларына әншінің айтар алғысы мол.

Бүгінде Аякөздің репертуары өте бай әрі сан алуан. Ол филармония жанындағы барлық оркестрлермен бірдей деңгейде шебер өнер көрсете алатын әмбебап әнші. Оның ән қоржынында қазақтың халық әндері, дәстүрлі және классикалық туындылар, қазақ операларының танымал арриялары, шетелдік классикалық арриялар мен әлем халықтарының романстары бар.

Филармония қабырғасында өткізген сегіз жылдан астам уақыт ішінде Аякөз Нұрғалиқызы тек аймақтық емес, халықаралық және республикалық деңгейдегі ірі байқаулардың биік тұғырларынан көрініп үлгерді. Оның бағындырған белестері сан тарау. Токталып отсек, ол Е.Рахматиев атындағы І-ші ашық халықаралық байқауында, Н.Тлендиев атындағы халықаралық байқауында, Б.Төлегенованың ІХ халықаралық вокалистер байқауында өнер көрсеткен. Сондай-ақ, «SalveRegina» ІІ-ші ашық вокалистер байқауында жүлделі ІІ-ші орынмен, «Өнер! Достық! Бейбітшілік!» атты І-ші ашық республикалық байқауында жүлделі І-ші орын, ағайынды Әбдінұрғалық вокалдық шығармаларынан өткен байқауда І-ші орын, Газиза Жұбанованың 90 жылдығына арналған байқауда І-ші орындарды иеленген. Былтыр ол Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжановтың қолынан «Шапағат» сыйлығын алды.

Өңгіме соңына қарай, Аякөзге әлемді, әсерлі дауыс иесі бола тұра неге Алматы немесе Астана қалаларына бармадығын деген сауал қойдым.

– Бұл сауалды маған адамдар жиі қояды. Әрине, мәдениеттің қайнаған ошағы, өнердің алтын ордасы Алматы немесе Астанаға баруға болушы еді, бірақ, бүкіл керемет әншілер сол қалаларға кетсе, Көкше секілді осындай өнерді қадірлейтін өңірде кім ән салады? Арқаға да көсіп, есті әншілер керек қой. Сондықтан, мен өзімнің өнерімді туған жеріммен, туған еліммен байланыстырғым келді, – дейді.

Кейіпкеріміздің «Бүкіл керемет әншілер басқа қалаларға кетсе, Көкше секілді киелі өңірде кім қалады?» деген сөзінде үлкен азаматтық жауапкершілік пен туған жерге деген перзенттік махаббат жатыр-ау. Нағыз өнерпаздың ұлылығы да осында – атақ-даңқтың соңынан ермей, өз өнерімен өз өлкесінің руханиятын байытуында.

Бұлбұл дауысты Бибігүл Төлегенованың жылы лебізін естіп, атақты дирижер Айтқали Жайымовтың бағасын иеленген, әлемдік деңгейдегі маэстро Марат Бисенғалиевпен бір сахнада тоғысқан Аякөз Нұрғалиқызы бүгінде Көкшетау әншілік мектебінің бетке ұстар, шоқтығы биік әншісіне айналды. Көкше аспанында қалықтаған оның әні тек құлақ құрышын қандыратын әуез емес, жүректі емдейтін рухани ем.

Көмейіне бұлбұл ұялаған, жаны да, келбеті де көркем әншіміздің Көкше аспанындағы жұлдызы әрқазы бикте жарқырап, өнер айдынындағы аққу үні ешқашан үзілмесін! Руханият майталмандарының кәсіби мерекесінде Аякөз секілді сахна сандағына шығармашылық шабыт пен талағай табыстар тілейміз.

**Ырысалды ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ,
«Арқа ажарының» өз тілшісі.**

Рухани алтын көпір

(Соңы. Басы 2-бетте).

Ал, «Антиповка» ауылы деп аталған келесі алаң кеңестік кезеңдегі ауыл өмірін бейнелейді. Бұл жер «Любовь и голуби» фильмінің стилінде безендіріліпті. Ағаш орындықтар, ескі радиолар, самауыр мен ауылдық қарапайым көрініс келген адамдарға балалық шақ пен өткен жылдарды еске түсірді. Мұнда да ескі әндер мен әзіл-қалжыңдар айтылып, көпшілік ерекше көңіл күйге бөленді.

Кештің ең көңілді бөлігі 80-90 жылдардағы дискотека болды. Түрлі-түсті шамдар жанып, сол кезеңнің танымал әндері қойылды. Жастар би билесе, үлкендер өздерінің жастық шағын еске алып, бірге ән шырқады. Би алаңы біраз уақытқа дейін босамады.

Сондай-ақ, музей аумағындағы табиғат әлеміне музей қорындағы жануарлар коллекциясы қойылды. Қызық көруге жиналған үмір-шүмір балалар ағаш арасына орналастырылған Ақмола өңірі мекендейтін қасқыр, үкі, қарсақ, сілеусін секілді жануарлар туралы қызықты мәліметтерге қарық болып, табиғат әлемімен жақынырақ таныса түсті. Бұл бөлім арқылы келушілерге экологияны сақтау мен қоршаған ортаны қорғаудың маңызы кеңінен түсіндірілді. Сонымен қатар, музей ішіндегі экспозициялық залдар да ерекше безендірілді. Кейбір залдарда театрландырылған қойылымдар, енді бірінде қысқа метражды фильмдер көрсетілді. Кеңестік кезеңдегі инженердің пәтері бейнеленген бұрыш та келушілердің назарын аударды. Ондағы



мен шығармашылық жолы көрерменге әсерлі жеткізілді. Батыр Мәлік атындағы музей ұжымының ұйымдастырған шарасы музей ішінде тігілген киіз үйде бесік тербеткен әжеңі көрінісімен басталып, содан соң мектептегі жас Мәлік бейнесі, майдан даласындағы батыр Мәлік бейнесімен жалғасты. Әсіресе, соғыс сахнасы көрерменге ерекше әсер қалдырды. Майдан даласында хат жазып отырған Мәлік бейнесі арқылы батырлық пен елге деген сүйіспеншілік кеңінен насихатталды.

Мәлік Ғабдуллин музейінің директоры Мұхамед Қоңқаевтың айтуынша, мұндай театрландырылған кештер тарихи тұлғаларды жастар арасына жақындата түседі. – Қазіргі жас буын тарихты құр кітаптан ғана емес, осындай әсерлі қойылымдар арқылы жақсы қабылдайды. Біз Мәлік Ғабдуллиннің өмір жолын көрермен жүрегіне жеткізуді мақсат еттік, – деді ол бізбен әңгімелесу барысында.

Сондай-ақ, шарда бірқатар музей қызметкерлеріне музей саласындағы айрықша қызметі үшін облыс әкімінің орманбасары Досұлан Айтпаевтың атынан алғаш хаттар табысталды. Мерекелік жиын концерттік нөмірлермен толығып, жиналған қауымның ізгі тілегімен жалғасын тапты.

Ал, Көкшетау тағылымды бір әдебиет орта – Әдебиет және өнер музейінде өткен музей түні де ерекше шығармашылық бағдарламалармен ұласып, жиналған көпшілікті бір сәтке болса да, күнделікті күйбең тірліктен арылтқандай әсер берді. Мұнда да қала тұрғындары мен қонақтары, көкшелік зиялы қауым өкілдері жиналып, мазмұнды әңгіме айтылды. Ашық аспан астындағы алаңда әншілер әнін айтып, күйшілер күйін тартып, көкшелік жас ақындар дүркірете өлеңін оқып жатты.

Суретшілер мен колорер шеберлерінің көрмесі ұйымдастырылып, қонақтар сурет салу мен колорер жасау бойынша шеберлік сабақтарына қатысты.

Кештің маңызды сәті суретші Ибрагим Исаның «Қайсарлық кескіндері» атты жеке шығармашылық көрмесінің ашылуымен жалғасты. Көрмеге қойылған картиналардан ұлттық рух, өмірге деген көзқарас пен қайсарлық анық байқалды. Өнер сүйер қауым суретшімен еркін әңгімелесіп, оның шығармалары туралы тағылымды пікір алмасты.

Жалпылама айтқанда, биылғы «Музей түні» Ақмола жұртшылығына ерекше әсер мен көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Бір ғана кеште музей көрмендері өткен тарихпен сырласып, өнермен қауышып, әр дәуірдің өзіндік тынысын сезінуге мүмкіндік алды. Әсіресе, жастар мен балалардың музейге деген қызығушылығы артып, тарихи тұлғалар мен ұлттық құндылықтар жайлы жаңа мәліметтер алуы кештің басты



көне теледидар, ескі жиһаздар мен тұрмыстық заттар көпшілікті өткен уақытқа жетелегендей әсер берді.

Кеш барысында «Көкше палитрасы» атты сәндік-қолданбалы өнер көрмесі ұйымдастырылып, мұнда жергілікті шеберлер мен суретшілер өз жұмыстарын көпшілікке ұсынды. Көрмедегі қолмен жасалған бұйымдар, суреттер мен кәдесыйлардан келген жұртшылық сатып алып жатты.

Қазақстан суретшілер одағының мүшесі Ибрагим Иса музей түні шығармашылық алаңдары үшін де маңызды екенін атап өтті.

– Өнер мен музей бір-бірінен ажырамайды. Бүгінгі кеште халықтың өнерге деген қызығушылығын анық байқадық. Әсіресе, жастардың суреттерге тоқтап, онда қойылған туындылар жөнінде сұрақ қойып жатқаны қуантты, – деді суретші.

Сонымен қатар, қыш шеберханасы, балаларға арналған аква-грим, тарихи кейіпкерлер мен кино образдарына арналған



костюмдер байқауы да кештің көркіні аша түсті. Әсіресе, түрлі тарихи кейіпте киінген жастар көпшіліктің назарын аударып, олармен фотосуретке түсушілер қатары көбейді.

Ал, Мәлік Ғабдуллин музейінде ұйымдастырылған «Жәдігерлер шеруі» атты музей түні де көпшіліктің көңілінен шықты. Бұл кеш батыр, ғалым әрі жазушы Мәлік Ғабдуллиннің өміріне арналды. Қойылымдар арқылы батырдың балалық шағы, соғыс жылдарындағы ерлігі

жетістіктерінің бірі болды. Осындай тағылымы мол мәдени шаралар музейдің қоғам өміріндегі маңызын арттырып қана қоймай, өскелең ұрпақты руханиятқа, мәдениетке және туған тарихын құрметтеуге тәрбиелей түсетіні ақиқат.

**Майра ҚУАНЫШҚЫЗЫ,
«Арқа ажарының» өз тілшісі.**

Суреттерді түсірген Нұрболат БЕКТҮРҒАНОВ.

БАЙҚАУ

Жуырда «Достар» мәдениет сарайының алдында Көкшетау қалалық көркемөнерпаздар байқауының салтанатты ашылуы өтті. Бұл кеш шығармашылықтың жарқын мерекесі іспетті болды. Іс-шараға 5 мыңнан астам адам қатысты. Олардың қатарында «Ақ кимешек» шеруінің 80 қатысушысы, 12 қолданбалы өнер шебері бар.

Ән тербеді, ән кернеді қаланы!

Сондай-ақ, А.Мырзахметов атындағы университет пен Ақан сері колледжінің жас колөнершілері қатысты. Алғашқы сәттерден-ақ қонақтарды жанды өнердің ерекше әсері баурап алды. Халық шеберлері мен суретшілер колөнердің өзіндік ерекшелігі мен жылуын сездіретін сәндік-қолданбалы өнер көрмесін ұсынды. Аланды барабаншылардың нақышты үні жандандырса, оны қазақтың құдіретті күйлерін орындаған домбырашылар ансамблінің асқар әуені алмастырды, бұл тыңдармандар арасында ұлттық мәдени мұраға деген мақтаншын сезімді оятты.

Іс-шараның ерекше лейтмотиві Ахмет Жұбановтың музыкасына жазылған «Ақ көгершін» әнінің хормен әсерлі орындалуы болды. Был көрнекті қазақ композиторы әрі халық әртісінің

туғанына 120 жыл толып отыр. Сондықтан, көпшілікке белгілі бұл ән ерекше тебіреніспен қабылданды. Осы бір сәтте ақ көгершіндердің де аспанға қалықтауы бейбітшілік, үміт пен тазалықтың символы ретінде көрермендердің жүрегіне жылы әсер қалдырды.

Байқауға қатысушылар ұмытылмас тұлға Төлеу Сүлейменовтің рухына тағзым етіп, оның ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. Осы бір ардақты жанның Көкшетау қаласының, әсіресе, оның Элеватор аумағының дамуына қосқан үлесі қала тарихының маңызды бөлігі болып қала береді.

Мерекелік бағдарлама одан әрі «Достар» мәдениет сарайының сахнасында жалғасты. Онда 70 шығармашылық ұжым өнер

көрсетті. Бұлар қазақ халық аспаптар оркестрі, әскери үрлемелі оркестр, 22 халық аспаптар ансамблі, 14 би ұжымы, 9 вокалдық және 7 хор ұжымы. Олардың 14-і «Халықтық» және «Үлгілі» құрметті атақтарына ие.

Биылғы байқауға алғаш рет «Достар» мәдениет сарайы жанындағы «Шаңырақ» ардагерлер хоры, қалалық белсенді ұзақ өмір сүру орталығының «Көгілдір Көкше» хоры, сондай-ақ, бес барабаншылар ұжымының да қатысқаны айта кету керек.

Барлық қатысушылар жоғары шеберлік деңгейін көрсетті. Әндер мен билер, халық аспаптарында орындалған шығармалар шынайылық пен өнерге деген сүйіспеншілікке толы болды, сол себепті де көрермендерді барынша тәнті етіп, зор қуанышқа бөледі.

Екі сағатқа созылған концерт бір сәтте өте шыққандай әсер қалдырды. Өнерпаздар шеберліктерімен аянбай бөлісіп, бірлік, қуаныш пен шабыт ауалып қалыптастырды.

Байқаудың жарқын әрі әсерлі мәресі Ж.Мусин атындағы қазақ педагогикалық колледжінің вокалдық ансамблінің орындауындағы «Бақытым сен екенсің, туған жер» әні болды. Бұл туынды туған жерге деген махаббаттың көрінісіне айналып, биылғы көркемөнерпаздар байқауының көкшетаулықтар үшін өте сәтті өткенінің белгісіндей, әр жүректі баурай түсті.

Серік СӨРКЕНҮЛЫ.

Көкшетау қаласы.

Арқа ажары
Директор
Жабал ЕРҒАЛИЕВ
Бас редактор
Қайырбай ТӨРЕҒОЖА

МЕНШІК ИЕСІ ЖӘНЕ ШЫҒАРУШЫ: «АҚМОЛА – ТІРШІЛІК» ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ.

Газет және интернет-басылым Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінде 2026 жылғы 16 қаңтарда қайта тіркеліп, № KZ01VPY00139691 куәлігі берілген.



Мекен-жайымыз: 020000. Көкшетау қаласы, Қаныш Сәтбаев көшесі, 7 үй.
Байланыс желісі: (8 716 2) 25-15-60 тел/факс.
Жарнама бөлімі: (8 716 2) 25-15-10.
Электронды пошта: arka_kokshetau@mail.ru arka_jamama@mail.ru

• «Арқа ажарында» жарияланған мақаладағы автордың көзқарасы редакцияның пікірін білдірмейді.

• Газет редакцияның компьютерлік цехында қатталды.
• Сөйсенбі, жұма күндері шығады. Еркін бағамен сатылады, көлемі 2 баспа табақ. Индексі: 65449 Тапсырыс 489
Таралымы: 1729
«Арқа ажары» газетінің Интернет нұсқасының оқырмандар саны 100 000.

«Көкше-Media» ЖШС офсеттік тәсілмен басылған. 020000. Көкшетау қаласы, Е.Әуелбеков көшесі, 98 үй.
Кезекші редактор:
Ырысалды АХМЕТҚАЛИЕВА.